

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ, ЭПИСТЕМОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК ӨЛШЕМДЕРІ: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Шимшек Хажы Ахмет
Кастамону университеті

Философия кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, Түркия Республикасы
Көлеген Гүлбазар Батырханқызы
Кастамону университеті философия кафедрасы, докторант,
Түркия Республикасы

Кейінгі кезеңде қолданбалы қажеттіліктердің одан сайын арта түсуі, уақытты, пайда болған мәселелердің шешімдерін қарастыру технологияның алдыңғы-ғасырлардың өзінде болмаған жылдамдықпен дамуына әсер етті. Адам айтса нанғысыз даму орын алуда. Технологияның бұл дамуы адам өмірін барныша жеңілдетіп отырғаны жасырын емес. Алайда, жасанды интеллект адам санасын толығымен алмастыра ала ма? деген сұрақтар қазіргі таңда адамзат баласын ойландырып тұрғаны рас.

Жасанды интеллект ұғымын түсіну үшін ең алдымен «интеллект» ұғымының өзін айқындап алу керек. Интеллектті тек есептік немесе алгоритмдік қабілетімен шекаралап қойсақ оны редуccionистік құрылымға түсіріп жібереді; ал философияда интеллект – танымдық (когнитивтік), еріктік (волюнтативтік) және құндылықтық-нормативтік қабаттардың түйісу нүктесі ретінде кең ауқымда қарасырылады. Осы үш қабаттың өзара бірігуі жасанды интеллектті «жай құрал» ғана емес, адам болмысының өрісін өзгертуі мүмкін күш ретінде қарастыруға мәжбүрлейді.

«Интеллект» жүйелі түсінік ретінде Аристотельдің «Жан туралы» трактатында беріледі. Ол интеллектті «Ноос» немесе «Нус» деп атаған. Оның ойынша, «адам жаны мен тәні тығыз байланыса отырып жанның бір бөлігі ақылды жетілдіреді» [1, 103 б.]. Бұл туындау немесе туу процесі емес, бұл жетілу процесі. Аристотельдің түсіндірмесі алғашқы түсінікті қалыптастырды.

Ал, интеллекттің табиғатын түсіндіруде классикалық философия нақты айқындық бере бастайды, мәселен Декарт пен Канттың сана мен ерікті талдауы жасанды интеллектті тек техникалық құрал ретінде емес, адам болмысының өрісін түбегейлі түрлендіретін күш ретінде пайымдауға іргетас қалайды.

Декарттың философиясында ақыл-ойдың басты сипаты — ол айқындық және ерекшелікке (*claritas et distinctio*) ие болуымен қатар, ерік бостандығына да тәуелсіздік береді. Демек, ақыл шындыққа ғылыми әдіс арқылы жетеді, ал ерік осы ақылдың шешіміне бағынады.

Бұл модельдің екі маңызды салдары бар: «Ақыл-ойдың өздігінен дамуы (автономия). Ақылдың өзіндік дамуы трансценденттік жауапкершілікке жол ашады. Яғни, «дұрыс ойлаудың» этикалық салдарын тудырады [2, 15 б.]; Қосарланған дуализм (*res cogitans vs res extensa*): Бұл модель инструменталдық рационалдылықты (құрал-мақсат байланысы) қалыпты рационалдылықтан (жақсы-жаман, қажетті-қажетсіз) бөліп, техника мен адам арасына түбегейлі шекара қояды.

Декарт үшін интеллект — бұл ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеті. Ең маңыздысы, бұл ақыл-ой моральдық және этикалық жауапкершілікке ие. Ол тек ақиқатты іздеп қана қоймай, дұрыс пен бұрысты, жақсы мен жаманды ажырата алады. Яғни, адамның интеллектісі автономды және трансценденттік сипатқа ие.

Жасанды интеллект жөніндегі қазіргі пікірталастарда осы бөлініс қайта көтеріледі: есептеу жүйелерінің логикасы адам еркі мен моральдық құндылықтарымен қалай байланысады? Бұл сұрақты И.Кант философиясынан қарастыра аламыз. Кант бұл ұғымды ішкі ойлау арқылы дамытып, танымның шарттарын субъектінің өзінен іздейді. Оның пікірінде «Интеллект» (*Verstand*) ережелерді белгілейтін қабілет ретінде, ал практикалық ақыл-ой моральдық заңға бағынатын ерік ретінде сипатталады. Мұнда «автономия» ұғымы шешуші рөл атқарады: еркіндік бұл өзін-өзі заңдастыру. Бұл екі ұғым Жасанды интеллект үшін екі өлшем береді:

- Когнитивтік (танымдық) деңгей: Бұл — ережелерді қалыптастыру және қолдану қабілеті, яғни үлгілерді табу, жалпылау және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау.

- Нормативтік (құндылықтық) деңгей: Бұл — әмбебап сипатқа ие бола алатын принциптерге сәйкес әрекет ету. Канттың категориялық императиві осыған мысал бола алады.

Демек, «интеллект» тек тиімділікке жету емес, сонымен қатар нормаларды белгілейтін қабілет. Жасанды интеллекттің кейбір шешімдері (мысалы, пайданы барынша арттыруға бағытталған

утилитарлық оңтайландыру) когнитивтік деңгейді модельдей алғанымен, нормативтік автономияны, яғни өзіне әмбебап заң қою қабілетін, тек имитациялай алады. Бұл айырмашылық қазіргі этикалық пікірталастардың негізгі өзегіне айналып отыр.

Декарт та, Кант та интеллект пен танымның маңыздылығын мойындаған. Олардың ойынша, интеллект бұл адамның жай ғана сезім мүшелерімен шектелмейтін, одан жоғары тұратын қабілеті. Екеуі де интеллектті автономиялық (тәуелсіз) деп санады, яғни ақыл-ой сыртқы әсерлерге толық тәуелді емес, ол ақиқатқа өз бетінше жете алады. Бұл автономия адамды машиналардан немесе жануарлардан ерекшелендіреді. Ал айырмашылықтары екеуінің интеллектке беретін анықтамасында жатыр. Декарт бойынша интеллект деген «ойлаушы субстанция» (*res cogitans*). Декарт үшін интеллекттің басты міндеті күмән мен қателіктерден арылып, анық және айқын білімге жету. Ол интеллекттің моральдық аспектісін емес, таза логикалық, танымдық функциясын алға қойды. Кант интеллектке моральдық және практикалық мағына бере отырып, интеллект (*Verstand*) тек танымдық қабілет емес екендігін, сонымен қатар ережелер мен заңдылықтарды құратын қабілет екендігін алға тартады. Ол моральдық заңдарға бағынатын «практикалық ақылды» ұғымын енгізеді [3, 112 б.]. Яғни, адамның ерік-жігері тек ақылға ғана емес, сонымен бірге этикалық принциптерге де бағынады. Канттың «автономды интеллекті» Декарттан өзгеше, тек ойлаудың тәуелсіздігі емес, сонымен қатар адамның өзіне моральдық заң қою қабілеті.

Осылайша, жасанды интеллекттің «ойлай алуы» мен «моральдық жауапкершілікті» өзіне алмауы арасында іргелі қайшылық бар екені көрінеді. Бұл қайшылық техниканың мәні туралы кең ауқымды сұрақтарды туындатты. XX ғасырда Хайдеггер мен Йонас дәл осы деңгейде жаңа сын тұрғысынан көзқарас ұсынды.

Мәселен, Хайдеггер техникаға инструментализмнен тыс қарайды: техника – тек құрал емес, әлемді ашудың ерекше жолы. Ол мұны «*Gestell*» немесе «енгізіп кию/қамту» (*enframing*) деп атайды. Техника Болмысты «қойма немесе қор» ретінде көруге мәжбүрлейтінін алға тартады. Мұндай көзқараста адам да, табиғат та пайдаланылатын ресурсқа айналады. Ал, жасанды интеллект деректерді «қор» ретінде жасанды интеллекттендіру, болжау мен басқаруды жалпыға ортақ рационалдылық етіп жасауы нәтижесінде адам әрекетінің мағынасы құралдық өлшемдермен жұтылып кету қаупінде екенін ескертеді. Яғни, Хайдеггер бойынша техника тек құрал емес, «дүниені ашудың» ерекше тәсілі. *Enframing* табиғатты, адамды, заттарды «ресурс» ретінде көруге мәжбүрлейтін көзқарас» [4, 55 б.]. Яғни, орман – тек отын қоймасы, өзен – тек электр энергиясының көзі, адам – тек жұмыс күші немесе деректер көзі. Бұл көзқарас үстем болғанда, біз дүниені тек тұтыну және пайдалану көзі ретінде көреміз. Осыдан «адам» да құралға, «*standing-reserve*»-ке айналуы мүмкін. Жасанды интеллект дәуірінде адам жай ғана деректер жеткізуші немесе алгоритмді «қоректендіретін ресурсқа» айналып кетуі ықтимал. Бірақ, Хайдеггер оптимистік бір ой айтады осындай қауіптің өзінде құтқарушы мүмкіндік бар. Техниканың *enframing* күшін өнер, поэзия, философия сияқты «ашудың» балама тәсілдері шектей алады. Өнер бізге дүниені тек «пайда көзі» ретінде емес, мәндік, әсемдік, болмыстық қырынан көрсетеді.

Егер Жасанды интеллектті біз тек техникалық-экономикалық мүдде бойынша дамытсақ – адам да тек құралға айналады. Сондықтан заң, мәдениет, этика арқылы «тежегіш» механизмдер қажет. Хайдеггердің ойынша, қазіргі техника — бұл жай ғана құрал емес, ол әлемді түсінудің, қабылдаудың бір тәсілі болуға бағыт алуы керек.

Демек, Хайдеггердің философиясына сәйкес, жасанды интеллект адам интеллектуалдық қабілеттерінің бір ғана бөлігін — есептеу және басқару функцияларын — имитациялайды. Ол әлемді танудың басқа жолдарын (шығармашылық, этика, экзистенциалдық тәжірибе) игере алмайды.

Ал, Ханс Йонас бұл сынға жауапкершіліктің жаңа императивін қосады: «әрекетіңнің салдары шынайы адам өмірінің жалғасу мүмкіндігін жоққа шығармайтындай болсын» [5, 52 б.]. Йонас үш тезис ұсынады:

- Техникалық әрекеттің салдары бар (кеңістікте де, уақытта да);
- Бұл салдар қайтарымсыз болуы мүмкін (экология, ядролық, биотехникалық жасанды интеллет модельдері);
- Сондықтан этика болашаққа бағдарланған сақтық герменевтикасын (*heuristics of fear*) қажет етеді.

Өткендегі дереккөздер адамның өзі туралы білімі және оған жауапкершілік жүктеудің негізі. Өз кезегінде, өткенге негізделген жауапкершілік болашаққа жауапкершіліктің этикалық векторын құруға әкеледі. Бүгінгі күні орын алған жалпы технологиялық өзгерістер дәуірі тек жаһандық, ауқымды, кумулятивті және қайтымсыз сипатта ғана емес, сонымен бірге субъектінің маңыздылығын өзгертетіні назар аудартады.

Йонастың қаупі болашаққа бағытталған жаңа жауапкершілік императивін ұсынса, ол бізді интеллекттің өз мәнін қайта ойлауға жетелейді. Жасанды интеллектті дұрыс түсіну үшін оны тек техника немесе құрал емес, болмыс пен білімнің және моральдың тоғысындағы көпқабатты феномен ретінде пайымдау қажеттігін мойындатады. Жасанды интеллектті дұрыс пайдалану үшін интеллектті үш өлшемнің қиылысында пайымдаған жөн:

- Онтологиялық өлшем: интеллект «не?» – заттық қасиет пе (мидың функциясы), әлде қатынастық құбылыс па (әлеммен, өзгемен, нормамен байланыста ашылатын қабілет)? Декарт пен Кант бұл қабаттарды әртүрлі негіздесе де, екеуі де субъектілік діңгегін сақтайды. Жасанды интеллекттің «агент» ретінде танылуы осы діңгекпен қайшылыққа түседі. техникалық агентке субъектілік мәртебесі мәселесі ортаға шығады. Мәселен, автономды көлік алгоритмдері моральдық дилеммаларға жиі тап болады: мысалы, апат жағдайында бір адамды немесе бірнеше адамды қорғау туралы шешім қабылдауы (trolley мәселесі). Мұндай жүйелер көбіне утилитаристік логикаға сүйенеді — жалпы зиянды азайту. Бірақ деонтологиялық принциптер (адам өмірінің қадір-қасиеті) ескерілмей қалуы мүмкін.

- Эпистемологиялық өлшем: «білу» деген не? Классикалық модельдерде білу – ұғымдарға бағындыру (ережелер, дедукция). Қазіргі жасанды интеллекттің басым бөлігі – индуктивтік аппроксимация (терең жүйкежелілік), яғни ережелерді тікелей вербализацияламай-ақ, ықтималдықтық картаны үйрену. Бірақ дәл осы операциялық опактілік (explainability проблемасы) Канттық ережелерді орнататын ақыл идеясымен қақтығысады, түсіндірілмейтін ереже норма бола алатындығына күмәнді күшейтеді. Қазіргі генеративті тілдік модельдер, мысалы, ChatGPT ережелерді дедуктивті түрде қолданбайды, олар ықтималдыққа негізделген үлгі тану арқылы жауап береді. Бұл «түсіндірілмейтін ережелер» проблемасын тудырады» (explainability) [6, 15756.]. Демек, Канттық ақылдың ереже-орнатушы табиғатымен қайшы келеді.

- Нормативтік өлшем: «не істеу керек?» Канттық автономия деонтологиялық шектеулерді (қадір-қасиет, құрал қылмау) алға шығарады; утилитаризм – жасанды интеллект шешімдерінде пайданың максимумын көздейді. Жасанды интеллекттің инженерлік практикасы көбіне соңғысына бейім, яғни оптимизацияны таңдайды, бірақ қоғамдық сенім мен құқықтық легитимдік деонтологиялық кепілдіктерді талап етеді (құқық, әділет, дискриминацияға тыйым). Мысалы, автономды көлік алгоритмдері моральдық дилеммаларға жиі тап болады: мысалы, апат жағдайында бір адамды немесе бірнеше адамды қорғау туралы шешім қабылдау (trolley problem). Мұндай жүйелер көбіне утилитаристік логикаға сүйенеді — жалпы зиянды азайту. Бірақ деонтологиялық принциптер (адам өмірінің қадір-қасиеті) ескерілмей қалуы мүмкін. «Моральдық алгоритмдер жеке адамдар үшін ынталандыру тудырмайтын қоғамдық игілік болуы мүмкін екенін көрсетеді» [7, 1575 б.].

ChatGPT ықтималдықтық үлгі құру арқылы жауап береді, бұл Кант сипаттаған ережелік ақылдың (Verstand) табиғатымен қайшылыққа түседі. Автономды көліктердің шешімдері көбіне утилитаристік оңтайландыруға сүйеніп, адам өмірін құралдық өлшемге айналдырады, ал бұл деонтологиялық принциптермен үйлеспейді. Медициналық жасанды интеллект жүйелерінің шешім қабылдау үдерісі түсіндірілмейтіндіктен (black-box), пациент құқықтары мен моральдық жауапкершілік мәселелері өткір қойылады. Осы мысалдар жасанды интеллектті тек техникалық құрал емес, күрделі онтологиялық, эпистемологиялық және нормативтік феномен ретінде қарастырудың өзектілігін дәлелдейд

Осылайша, интеллекттің онтологиялық, эпистемологиялық және нормативтік өлшемдерін талдау Жасанды интеллекттің тек техникалық жүйе ғана емес, күрделі философиялық феномен екенін айқындады. Осы үш қабаттың тоғысуы ЖИ-ді жай құрал емес, адам болмысының өрісін өзгерте алатын күш ретінде пайымдауға мүмкіндік береді

Осыған сәйкес, келесі қадам – жасанды интеллекттің жалпы мәртебесін анықтау: ол жай ғана құрал ма, әлде адам болмысының өрісін түбегейлі өзгерте алатын күш пе деген сауалды қарастыру. Сұрақты қарапайым қою оңай: Жасанды интеллект – құрал ғана. Бірақ Хайдеггер мен Йонас мұны жеткіліксіз екенін көрсетеді. Жасанды интеллекттің ауқымды енгізілуі инфраструктуралық тәуелділік туғызады (энергия, деректер, платформалық монополиялар), сондай-ақ, әлеуметтік онтологияны қайта құрады (еңбек, білім, билік, құқық қатынастары) және ресурсқа айналдыру логикасын күшейтеді (адамдар, қауымдар, табиғат дерек-қорға айналады).

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Суарес Ф. *Комментарий на трактат Аристотеля “О душе” (Т. III. Рассуждение 9. О способностях интеллекта)*. — Madrid: Fundación Xavier Zubiri, 1991. — (Перевод и публикация при поддержке факультета философии НИУ ВШЭ, 2012–2013)
2. Descartes R. *Meditations on First Philosophy: With Selections from the Objections and Replies* (J. Cottingham, Trans.; B. Williams, Intro.). — Cambridge: Cambridge University Press, 1996. — 208 p. (Original work published 1641).
3. Guyer P. (Ed.). *The Cambridge Companion to Kant’s Critique of Pure Reason*. — Cambridge: Cambridge University Press, 2010. — 455 p.
4. Heidegger M. *The Question Concerning Technology* / Trans. W. Lovitt. — New York: Harper & Row, 1977. — 35 p. (Original work published 1954)
5. Авдеева И. А. Императив моральной ответственности Г. Йонаса как нравственный ответ прошлому за будущее // Горизонты гуманитарного знания. — 2019. — № 5. — С. 47–61.
6. Topol E. *Deep Medicine: How Artificial Intelligence Can Make Healthcare Human Again*. — Нью-Йорк: Basic Books, 2019. — 400 б.
7. Bonnefon, J.-F., Shariff, A., & Rahwan, I. (2016). *The social dilemma of autonomous vehicles*. *Science*, 352(6293), 1573–1576. <https://doi.org/10.1126/science.aaf2654>